

**«Жас сарбаз» ӘСКЕРИ ПАТРИОТТЫҚ
ҮЙІРМЕСІНІҢ 2021-2022 ОҚУ
ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЫ**

Жас сарбаз

Соркөл 2021ж

Бекітемін:

Мектеп директоры:

С.Т.Койайдаров



«Жас сарбаз» әскери-патриоттық үйірмесінің жылдық іс-жоспары

р/с	Өткізілетін сабақ тақырыптары	Өтілетін күні	Жауапты
1	Оқушыларды сабақ кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	09.09	Әскери жетекші
2	Үйірме мүшелерінің отырысы	15.09	Әскери жетекші
3	Оқушыларды өз міндеттеріне тағайындау	20.09	Әскери жетекші
4	Үйірменің мақсаты мен жоспарын танысу	27.09	Әскери жетекші
5	Пневматикалық мылтықпен атыс жүргізу	06.10	Әскери жетекші
6	Тузу ату және оның практикалық маңызы	13.10	Әскери жетекші
7	Автоматтың ұрыстық қасиетті	20.10	Әскери жетекші
8	АК-74 туралы түсінік	27.10	Әскери жетекші
9	МР-512 пневматикалық витовкамен атыс жүргізу	10.11	Әскери жетекші
10	Қалалық жарыстарға қатысу	17.11	Әскери жетекші
11	АК-74 автоматын бөлшектеу	25.11	Әскери жетекші
12	АК-74 автоматын жынақтау	30.11	Әскери жетекші
13	пневматикалық витовкамен атыс жүргізу	08.11	Әскери жетекші
14	пневматикалық витовкамен атыс жүргізу	15.12	Әскери жетекші
15	Оқжатардың құрылысы мен сиымдылығы	22.12	Әскери жетекші
16	Жоғары әскери орындарына түсу шарттарымен таныстыру үгіт насихат жүргізу	29.12	Әскери жетекші
17	пневматикалық витовкамен атыс жүргізу	13.01	Әскери жетекші
18	Газтұмылдырықты киюге жаттықтыру	19.01	Әскери жетекші
19	пневматикалық витовкамен атыс жүргізу	26.01	Әскери жетекші
20	Газтұмылдырықты киюге жаттықтыру	31.01	Әскери жетекші
21	Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылған күніне арналған жарысқа қатысу	09.02	Әскери жетекші
22	Гранатаның құрылысы және түрлері	23.02	Әскери жетекші
23	Материалдық базаны жетілдіру	09.03	Әскери жетекші
24	Пневматикалық қарумен атыс жүргізу	30.03	Әскери жетекші
25	Гранатаның ұрыстық қасиеттері	13.04	Әскери жетекші
26	Пневматикалық қарумен атыс жүргізу	27.04	Әскери жетекші
27	ҰОС ардагерлерімен кездесу	03.05	Әскери жетекші
28	Қалалық әскери шеруге қатысу	09.05	Әскери жетекші

Дайындаған: АӘД пәнінің оқытушысы
ұйымдастырушысы - М.Симуханов

1. Жалпы ережелер.

- 1.1. Әскери патриоттық үйірме - дене тәрбиесін және спортты дамытуға, оқушылардың бойында жоғары әскери-патриоттық сезімді тәрбиелеуге бағытталған балалардың мектептегі ерекше ұйымы болып табылады.
- 1.2. Үйірме мүшелері-үйірменің атын, ұранын, жалауын, төсбелгісін таңдайды.
- 1.3. Үйірме жарғысын мектеп басшысы бекітеді.
- 1.4. Үйірме жұмысына АӘД пәні ұйымдастырушы- оқушысы жетекшілік етеді.
- 1.5. Үйірме өз жұмысына қалалық білім беру бөлімі, спорт және туризм бөлімі қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен тығыз байланыста атқарады.

2. Үйірмеге қабылдау шарты.

- 2.1. Үйірмеге мүшелікке дене тәрбиесі және спортпен шұғылданатын , сабақ үлгерімі жақсы, тәртібі үлгілі мектеп оқушылары қабылданады.
- 2.2. Үйірмеге қабылданған оқушылардан салтанатты ант қабылданады.

3. Үйірме мүшелерінің құқықтары.

- 2.3. Үйірме мүшелері мектепте , қала көлемінде өткізілетін әскери спорттық жарыстарға, патриоттық бағытта өткізілетін сайыстар, конкурстарға қатыса алады.
- 2.4. Үйірме мүшелеріне үйірменің белгілері бар арнайы үлгімен киім киюге рұқсат етіледі.
- 3.3. Үйірме мүшелеріне арнайы төлқұжат беріледі.

4. Үйірме мүшелерінің міндеттері.

- 4.1 Үйірме мүшелері тәртіпті болуға, сабақтан қалмауға, барлық пәндерден үлгеруге міндетті.

- 4.2. Дене тәрбиесі және спортпен үнемі шұғылдануға, салауатты өмір салтын насихаттауға;
- 4.3. Үйірменің барлық іс-шараларына үнемі қатысуға;
- 4.4. Мектепте, үйде, қоғамдық орындарда жоғары мәдениеттілік үлгісін көрсетуге;
- 4.5. Антта айтылған барлық талаптарды қатаң орындауға;
- 4.6. Үйірме мүшелері қала көлемінде өткізілетін сайыстарда мектеп намысын әрдайым қорғауға міндетті.
- 4.7. Мектептің мүлкін ұқыпты карап, оқу-материалдық базаны жетілдіру үшін оқытушыға көмектесуге;
- 4.8. Өз командасының атын жоғары ұстауға міндетті.

5. Рота командирінің міндеті.

- 5.1. Өзін еңбекте де, сабақта да үлгілі тұтуға;
- 5.2. Барлық взводтың құрамымен мүшелерін толық білуге;
- 5.3. АӘД пәні оқытушысымен бірге клуб мүшелеріне әр түрлі сабақтар мен жаттығулар өткізуге;
- 5.4. Барлық жарысқа қатысқан оқушылардың есебін алып отыруға міндетті.

6. Үйірме жетекшісінің міндеті.

- 6.1. Үйірме жетекшісі үйірме жұмысын ұйымдастырып басқарады.
- 6.2. Үйірме мүшелерінің өмір қауіпсіздігіне жауап береді.
- 6.3. Үйірме мүшелерімен жаттығулар, әскери-патриоттық бағыттағы сабақтар, кездесулер өткізеді.
- 6.4. Мектепте, қала көлемінде өткізілетін сайыстарға қатысуға командалар дайындайды.
- 6.5. Балалар ұйымдарымен, басқа әскери патриоттық үйірмелермен тығыз байланыс орнатып, жұмыс жүргізеді.

- 6.6. Үйірменің жұмысы, атқарылған жұмыстар туралы мәліметтерді қалалық білім беру бөліміне өткізеді.

7. Үйірме жұмысының негізгі бағыттары.

- 7.1. Қарулы Күштердің даму тарихын, әскери жарғыларды оқып үйрену, ұлттық және кәзіргі заманғы ұрыс техникаларымен таныстыру.
- 7.2. Саптық және атыс дайындығына үйрету.
- 7.3. Топографиялық картамен жұмыс жасау және бағдарлануға үйрету.
- 7.4. Өмір қауіпсіздік негіздеріне, алғашқы көмек көрсету әдістерін үйрету.

8. Үйірме мүшелерін көтермелеу тәртібі.

- 8.1. Алғыс айту және жеке карточкасына енгізу;
- 8.2. Мақтау қағазімен және заттай сийлықтармен марапаттау;
- 8.3. Мектеп туының жанында түскен фотосүретімен марапаттау;
- 8.4. Үйірменің құрмет кітабына енгізу;
- 8.5. Аудандық газеттерге жариялау;

9. Үйірме мүшелеріне жаза қолдану тәртібі.

- 9.1. Ескерту;
- 9.2. Сөгіс беру;
- 9.3. Сенімсіздік білдіріп қатаң сөгіс беру;
- 9.4. Үйірме мүшелігінен бір ай мерзімге шеттеу;
- 9.4. Үйірме мүшелігінен шығару.

« Жас сарбаз» әскери патриоттық үйірме мүшелерінің салтанатты анты.

Мен, (аты-жөні) өз ерік- жігеріммен әскери патриоттық «Жас сарбаз» үйірмесіне кіре отырып ант қабылдаймын.

Өзімнің жолдастарымның алдында мектептің сақталып келе жатқан дәстүрлеріне сай, Қазақстан халқына және оның заңды түрде сайланған Елбасына салтанатты түрде ант етемін.

Мектепте өтілетін барлық жұмыстарға белсене араласуға, үлкендерді сыйлауға, тәртіпті болуға, «Жас сарбаз» әскери патриоттық үйірмесінің атына кір келтірмеуге ант беремін.

Өз Отанымның ержүрек, әрі батыл қорғаушысы болуға дайындалумен қатар, әрдайым ізденуге, еңбекте озат, сабақты «5» ке оқуға, Отанымның патриоты ретінде өзімді үлгі тұтуға ант етемін.

Егер мен өз қабылдаған антымды бұзсам, онда мен қатаң жазаға ұшырайтын болайын, әскери патриоттық «Жас сарбаз» үйірмесінің мүшелігінен шығуға дейін.